

Республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттер міндеттемелерді орындау қамтамасыз етілмей бөлінуі мүмкін қаржы агенттіктерінің тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 мамырдағы N 402 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қарашадағы N 1844 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.11.16 N 1844 Қаулысымен.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.12.26 N 1295 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексінің 175-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамы, "Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамы, "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамы және "Қазақстандық ипотекалық компания" акционерлік қоғамы бюджеттік кредиттер республикалық бюджеттен міндеттемелерді орындау қамтамасыз етілмей бөлінетін қаржы агенттіктері деп айқындалсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.12.26 N 1295, 2008.08.14 N 743, 2008.09.18 N 863 Қаулыларымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі